

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚТӨБЕ



ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ



4 870220 330029

«Ақтөбенің» арқагері

Көбіне жас талап атаулының журналистикаға жолы өлең жазудан басталады. Серік Омаров та бұрыннан қалыптасқан сол дәстүрден ауытқыған жоқ. Балаң жырлары өзі туып-өскен Темір аудандық «Жұмысшы туы» газетінде жарияланды. Ауыл айналасында ақын бала атанды. Әдебиетке құштарлық оның дүниетанымын кеңейтіп, үлкен көкжиектерге шақыра бастады. Бірте-бірте мақалалар жазуға бейімделді.

Мектеп бітірген соң Ленин атындағы кеңшарда құрылған комсомол-жас шопандар бригадасы құрамында еңбек етті. Жас шопанның етігінің қонышында үнемі газет-журнал жүретін. Өзі комсомол жетекшісі, өзі аудандық газеттің штаттан тыс тілшісі.

Әскер қатарына алынғанда да жауынгерлік газет берген тілшілік куәлігі төсқалтасынан түспеді. Димитров атындағы



ГАЗЕТТЕН БАСТАЛҒАН ЖОЛ

орыс-қазақ орта мектебінде оқығанының пайдасын осында көрді. Алыстағы ауылдан келсе де, орыс тіліне жүйрік Омаров деген жауынгер-тілшіні командирлерге дейін жақсы білетін болды.

Сол уақытта «Советский патриот» газетіне «Домой через Норильск» деген сын мақала жазып, бүкіл елді бір шулатқаны бар. Бұл армия қатарындағы қатаң тәртіптен қашып, Бүкілодақтық комсомолдық екпінді құрылысқа барамын дегенді сылтауратып, «елдеріне оралу» қамын ойластырған өзінің қатарластары туралы еді. Осындай өмір мектебінен өте жүріп бірте-бірте адамгершілік, патриоттық, азаматтық, сүйіспеншілік тақырыбына арналған мақалалары мен новеллалары да көпшілік назарына ұсыныла бастады.

Азаматтық борышын өтеп, елге келген соң газетке жұмысқа орналасамын деп талаптанып жүргенде облыстық баспаханадан бір-ақ шыққаны бар. Сөйтіп, облыстық «Коммунизм жолы» газетінің беттеушісі болып қабылданды. Бұған кейін ешбір өкініш білдірген емес. Қайта өзі армандап жүрген журналистика саласының баспаханамен біте қайнасқан дүние екендігін ұғынып, алыс та болса жақын жолға түскенін дұрыс көрген кездері болды.

Ол кезде облыстық газет аптасына бес рет шығады. Күн сайын баспаханаға кезекшілікке екі журналистен келеді. Мұның өзі көнігі қалам иелерімен жақын танысып, білісе түсуіне септігін тигізді. Өзі де өлең жазып жүргендіктен бе, олардың ішінде белгілі ақын Смат Қабылбаевқа көбірек бүйрегі бұрып, сол кісімен көбірек әңгімелесуге ыңғайланып тұратын.

Қысқасы, газет шығару ісінің алғашқы әліппесін ол баспахана арқылы игерді. Көп ұзамай Алматыдағы Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түсіп, мамандығын игерудің келесі қадамына ұмтылыс жасады.

Оның облыстық газеттің штатына қызметке келуіне әлі де аз-кем уақыт керек болды. Бұл аралықта «Ақтөбе ауылмаш» зауытында қара жұмыс істеді. Содан кейін қазіргі Мұғалжар ауданындағы «Октябрь туы»-«Знамя Октября» газеттерінде еңбек етті. Батыс Қазақстан теміржолының «Болат жол» газетінде тілші, жауапты хатшының орынбасары қызметтерінде тәжірибе жинақтады.

1985 жылдың наурыз айынан бастап облыстық «Коммунизм жолы» газетінің жауапты шығарушысы қызметіне қабылданды. «Сол уақытта бұрыннан өзіме таныс, жанымға ыстық ортада ілгері буын ағаларымнан, қаламы жүйрік әріптестерімнен көп нәрсе үйрендім. Газеттің партия тұрмысы, совет құрылысы бөлімдерінде шыңдалу мектебінен өткендей болдым» деп еске алады сол күндерді ол қазір.

Серік Омаров газетте өз ісіне тыңғылықты, берілген тапсырманы мұқият орындайтын, принципті журналист ретінде танылды.

Ол газеттің секретариатында қызмет істеген кезеңдерінде жаңа қырына көрінді. Бұрын баспаханада еңбек етіп, газеттің беттелуі, материалдардың орналасуы жағынан тәжірибесі мол болуы оған көп пайдасын тигізді. Оның үстіне осы ұжымда ұзақ жыл жауапты хатшы болған Ұлықпан Жұмабаев сынды көнігі газетшінің алдын көріп, оның мектебінен өткені де макет сызудың құпияларын жеңілдеті түсті.

Негізінде, әртүрлі жанрадағы газет материалдарының бетте үйлесімді орналасуы, оқыманын тартып тұруы секретариат қызметкеріне байланысты. Серік осы шаруасын тыңғылықты атқарумен бірге, қолы қалт еткенде журналистік шығармашылық тірлігін де жандандыра түсті. Бірақ, бір өкініштісі, балаң кезінен жанына серік болған өлең күнделікті қызмет күйбеңінің тасасында қағыс қала бергендей болып көрінді бізге.

Газетте бірсыпыра еңбек етіп, жұртшылыққа танылған кезінде ол халық дұпутаттары облыстық кеңесіне қызмет ауыстырды. Одан кейін облыстық мөліхатта, облыс әкімінің аппаратында баспасөз хатшысы, ішкі саясат бөлімінің консультанты, құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде бас инспекторы қызметтерін атқарып, егемен еліміздің нормативтік-құқықтық актілерін әдеби нормаларға сай келтіру ісіне елеулі үлесін қосты.

«Облыстық «Ақтөбе» газетіндегі еңбек еткен жылдарым болашақ өмірімде — мемлекеттік қызметтегі аяқ алысыма игі әсер етті. Адамдармен сөйлесуде, хат қорытуда, хат иелеріне жауап беруде, телеграмма, мақала, баяндама жазуда, аударма саласында еш қиындық көргем жоқ», — дейді ол.

Күні кеше ғана сияқты еді «Ақтөберентген» зауытының күрделі цехында екпінді еңбек ететін, үлкен ұжымның комсоргі Ақжарқын Батановмен отау көтергені. Сол уақыттарда Қазақстан комсомолы съезінің делегаты болып сайланған жас қыздың облыстық газеттерде сұхбаты мен суреті жиі жарияланып жүретін. Оларды осы сабақтастық тіл табыстырды ма, оны қазір анық айту қиын, бірақ екеуінің жарасты шаңырағында ұл-қыз өсіп, бүгінде немере сүйдіріп отыр.

Ақжарқын болса сүйікті ұжымынан әлі де қол үзбей келеді. Бүгінде зауыт кәсіподақ ұйымының төрағасы.

Қазақстанның құрметті журналисі, «Үздік мемлекеттік қызметші» атағының иегері Серік Омаров құрметті еңбек демалысында, немерелерінің қамқоршы атасы.

Нұрмұханбет ДИЯРОВ.